

ISSN 3007-2840

Қазақ тарихы

электронды журналы

Electronic journal of
Kazakh history

№ 1(185) 2025

«History and Culture» ЖШС

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ KAZAKH HISTORY

ЭЛЕКТРОНДЫ ЖУРНАЛЫ
№1 (185) 2025

ELECTRONIC JOURNAL
№1 (185) 2025

Құрылтай және баспагер:

«History and Culture» ЖШС. Алматы, Қазақстан.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігінің Ақпараттар мен архивтер комитетінің мерзімді баспасөз басылымын және (немесе) ақпараттық агенттікті есепке қою туралы 02.11. 2023 жылғы № KZ 38RBZ00041763 куәлігі берілген.

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады
(наурыз, маусым, қыркүйек, желтоқсан)

Founder and publisher:

«History and Culture» LLP, Almaty, Kazakhstan

Periodic press publication of the Information and Archives Committee of the Republic of Kazakhstan on communication and information and (but) on registration of information agencies 02.11. Certificate No. KZ 38RBZ00041763 dated 2023 was issued.

Published 4 times a year
(March, June, September, December)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ

Бас редактор – Жұматаев Ринат Серикович – Phd, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары – жауапты редактор

Ноғайбаева Мәдиғұл Сағатовна – т.ғ.к., қауымд. профессор, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстан тарихы кафедрасының профессоры м.а. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Ангела Шоттенхаммер – тарихшы синолог, т.ғ.д., KU Leven университеті (Бельгия)

Бабақұмар Қинаятұлы – этнограф, т.ғ.к., Дебрецен университеті (Венгрия)

Эврим Олчер – этнограф, PhD, Қажы Байрам Вели университеті (Туркия)

Алтымышева Зухра Америкұловна – тарихшы, PhD, «Манас» Қырғыз-Түрік университеті (Қырғызстан)

Байғабатова Назгуль Қажымұратовна – этнограф, т.ғ.к., I.

Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті (Қазақстан)

Ақымбек Ералы – Phd, археолог. Ә. Марғұлан атындағы Археология институты (Қазақстан)

Кенжаева Наргиза Соатумуниновна – тарихшы, PhD, Шыршық мемлекеттік университетінің Репрессия құрбандарын еске сақтау музейі (Өзбекстан)

Ильясова Зибәгул Сулейменовна – тарихшы-шығыстанушы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның қауымдастырылған профессоры (Қазақстан)

Сайлаубай Ерлан Ерназарұлы – тарихшы, т.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ «Елтану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры (Қазақстан)

Еңсенов Канат Алексейұлы – тарихшы, т.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ (Қазақстан)

Шнайдер Светлана Владимировна – археолог, т.ғ.к., Ресей Ғылым Академиясы Сібір бөлімінің Археология және этнография бөлімі (Ресей)

Бесетаев Бауыржан – археолог. әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан)

Намен Абай – Phd, археолог. Назарбаев университеті (Қазақстан)

Бабабеков Ақбар Давурбаевич – Phd, этнограф. Ұлықбек мырза атындағы Өзбекстан ұлттық университеті (Өзбекстан)

Гурсой Музаффер – Phd, археолог. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті (Қазақстан)

Жетпісбай Нұржан Ықсанұлы – Phd, тарихшы. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)

EDITORIAL COUNCIL

Editor-in-chief – Zhumatayev Rinat – Phd, Al-Farabi Kazakh National University, Head of the Department of Archaeology, Ethnology and Museology (Kazakhstan)

Deputy editor-in-chief – executive editor – Nogaibayeva Mendigul – Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Department of History of Kazakhstan (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Angela Schottenhammer – Full Professor of Chinese Middle Period & Early Modern World History at KU Leuven (Belgium)

Babakumar Kinayatul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, University of Debrecen (Hungary)

Evrin Ölçer Özünel – Ethnographer, PhD, Associate Professor, Ankara Hacı Bayram Veli University (Türkiye)

Altymysheva Zuhra – Historian, PhD, Kyrgyz-Turkish "Manas" University (Kyrgyzstan)

Baigabatova Nazgul – Ethnographer, Candidate of Historical Sciences, Zhetisu University (Kazakhstan)

Akymbek Eraly – Phd, Archaeologist. Margulan Institute of Archeology (Kazakhstan)

Kenzhaeva Nargiza – Historian, PhD, Chirchik State Pedagogical University, Memorial Museum of Victims of Repression (Uzbekistan)

Ilyasova Zibagul – Historian-Orientalist, Candidate of Historical Sciences, Associate Professor of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Saylaubay Yerlan – Histotian, Candidate of Historical Sciences, Director of the Research Center "Eltanu" of Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Yensenov Kanat – Histotian, Candidate of Historical Sciences, Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Schneider Svetlana – archeologist, Candidate of historical sciences. Institute of Archeology and Ethnography of the Siberian Branch of the Russian Academy of Sciences (Russia).

Besetayev Baurzhan – Archaeologist, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Namen Abay – Phd, Archaeologist. Nazarbayev University (Kazakhstan)

Bababekov Akbar – Phd, ethnographer. National University of Uzbekistan (Uzbekistan)

Gursoi Muzaffer – PhD, Archaeologist. Khoja Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University. (Kazakhstan)

Zhetpisbai Nurzhan – Phd, Historian. Institute of History and Ethnology named after Sh.Sh. Ualikhanov. (Kazakhstan)

Журналда тарих ғылымының келесі бағыттары бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (ежелгі, ортағасырлар, жаңа және қазіргі заман), археология, деректану және тарихнама, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, ағылшын. 1993 жылдан бастап шығады

Scientific works are published in the journal in the following areas of historical science: history (ancient, medieval, new and modern), archeology, source studies and historiography, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, English. Founded in 1993.

Редакциямен баспаның мекен-жайы:
050040 Көктем-4 ы/а, 13-үй, 19 п.
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

«History and Culture» ЖШС. Тел.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Журнал сайты: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

Address of the editorial office:
050040 microdistrict Koktem-2, no. 13, apt. 19.
Almaty, Republic of Kazakhstan

«History and Culture» LLP. Tel.: +77076787670.
e-mail: qazaqtarihyjournal@gmail.com
Journal site: <https://journal.historyculture.kz/index.php/journals>

ЖАҢА ЖӘНЕ
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫ

NEW AND MODERN
HISTORY

Бахар Тофикқызы Аманова

Әзербайжан Ұлттық Ғылым академиясының А.А. Бакыханов атындағы
Тарих және Этнология Институты, Баку, Әзербайжан
e-mail: baharamanova@bk.ru

**ҚАРАБАҚТЫҢ ҰМЫТЫЛЫП БАРА ЖАТҚАН ЖӘНЕ
ҚАЗІР ҚОЛДАНЫСТА БОЛҒАН БІРҚАТАР АС-АУҚАТТАРЫ
МЕН СУСЫНДАРЫ ЖАЙЛЫ**

Аңдатпа. Мақалада алғаш рет Қарабақтың ұмытылып бара жатқан «бағырбейн», «қәліә», «қарыніші», «қырто», «құрқут», «шекмеплов», «жанынәшекме», «жадичөрек», «әйірдек» сияқты, сондай-ақ қазіргі уақытта кеңінен қолданылып жүрген кейбір тағамдары мен сусындары туралы баяндалады. Бұл аталған тағамдар кезінде халықтың дастарханын безендірсе де, кейіннен біртіндеп сиреп, қолданыстан шыға бастаған. Сонымен қатар мәтінде сөз болған және бүгінде қолданылатын басқа да ас пен ішімдіктер Қарабақ халқының ас мәзірінің байлығын көрсетумен бірге, өзге өңірлерде дайындалатын тағамдармен айырмашылығы мен ұқсастықтарын көрсету тұрғысынан да маңызды. Зерттеуде Қарабақ халқы арасында кең таралған өсімдік, ет және сүт негізіндегі тағамдардың сипаттамасына, талдауына, қолданылатын уақыты мен орнына назар аударылады. Өсімдік текті тағамдар арасында бірінші орынды әртүрлі қышқыл және қышқылсыз нан түрлері (мысалы: юха, бәтір, хамралы, лаваш, дестана, кутук және т.б.) алады. Автор бұл мақалада халықтың бұл нан түрлерін тандыр мен табада пісіретінін, бәтірдің қарапайым да, майлы (мысалы: жаңғақ қосылған) түрде дайындалатынын атап өтеді. Сонымен бірге хингал, хәшіл, жармалы хәшіл, умаш қосылған көже, сорпалы кеспе, қара умаш, бұғлама (балва), түрлі палау түрлері (мысалы: қаралы палау, кеспелі палау, бұршақты палау, балапан қосылған палау, түрлі түсті палау, жанынәшекме және т.б.) сияқты өсімдік негізіндегі тағамдар туралы кеңінен ақпарат береді.

Автор мақалада жеуге болатын жабайы өсімдіктерден дайындалатын тағамдардан (мысалы: пиязсорпа, дендолма, кәләжәш және т.б.), сондай-ақ піскен жемістерден дайындалатын тағамдар туралы әңгімелеп, олардың құрамын, дайындалу технологиясын сипаттайды.

Түйін сөздер: Қарабақ, өсімдік, ет, сүт тағамдары, сусындар.

Сілтеме үшін: Аманова Б.Т. Қарабақтың ұмытылып бара жатқан және қазір қолданыста болған бірқатар ас-ауқаттары мен сусындары жайлы // Қазақ тарихы электронды ғылыми журналы. 2025. Т. 185. No 1. 32-45 бб. (Қаз.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2025-1-5-32>

Bahar Tofiqqyzy Amanova

Institute of History and Ethnology named after A. A. Bakikhanov,
Azerbaijan National Academy of Sciences, Baku, Azerbaijan
e-mail: baharamanova@bk.ru

About some forgotten and currently used dishes beverages of Karabakh

Abstract. For the first time, this article discusses some forgotten dishes of Karabakh, such as Baghyrbeyn, Qalye, Qarynishi, Qyrto, Qurqut, Shekmepilov, Janinashakme, Jadichorek, Ayrdek, as well as several currently widely used dishes and beverages. Although these dishes once decorated people's tables, they gradually became less common and started to fade from use. Additionally, the article examines other foods and drinks that are still consumed today, highlighting the richness of Karabakh's cuisine while also drawing comparisons and distinctions with dishes prepared in other regions. The study focuses on plant-based, meat-based, and dairy-based dishes that are widely spread among the Karabakh people, analyzing their characteristics, preparation methods, and the time and place of their consumption.

Among plant-based dishes, various sour and non-sour bread types (such as Yukha, Batir, Khamrali, Lavash, Destana, Kutuk, etc.) hold a primary position. The author notes that these types of bread are baked in a tandoor or on a griddle, while Batir can be prepared simply or enriched with ingredients like walnuts. The article also provides extensive information on plant-based dishes such as Xingal, Hashil, Grain-based Hashil, Soup with Umas, Noodle Soup, Kara Umas, Bughlama (Balva), and various types of pilaf (Karali Pilaf, Noodle Pilaf, Bean Pilaf, Chicken Pilaf, Colorful Pilaf, Janinashakme, etc.).

The author discusses dishes made from edible wild plants (such as Onion Soup, Dendolma, Kalajosh, etc.), as well as dishes prepared from cooked fruits, describing their composition and preparation techniques.

Keywords: Karabakh, plants, meat, dairy products, beverages.

For citation: Amanova B. About some forgotten and currently used dishes beverages of Karabakh // Electronic scientific journal " Kazakh history ". 2025. Vol. 185. No. 1. Pp. 32-45 (In Kaz.). DOI: <https://doi.org/10.62183/2025-1-5-32>

Кіріспе

Материалдық мәдениеттің ең консервативті салаларының бірі – тағамдар мен сусындар. Халықтың тәжірибелік білімдері, тәжірибесі және еңбек дағдыларының арқасында жасалып, ғасырлар бойы жетілдіріліп, бүгінгі күнге дейін жеткен тағамдар мен ішімдіктер, этнографиялық әдебиетте атап көрсетілгендей [Мустафаев, 1977:100], өзінің тарихын адамзат қоғамының пайда болу кезеңінен бастайды.

Тағамдар мен ішімдіктердің этнографиялық зерттелуі, бұл ғылымның алдында тұрған өзекті мәселе ретінде қарастырылып, оның практикалық және ғылыми маңыздылығы назардан тыс қалмауы тиіс. Белгілі этнограф Қ.Т.Қарақашлы жазғандай, тағамдар – материалдық мәдениеттің кең таралған элементтерінің бірі. Кейде тағамның құрамына, дайындалу тәсіліне және оған деген сұранысқа қарап, зерттеліп отырған халықтың тарихи құжаттарда аз қамтылған немесе мүлде ескерілмеген маңызды қырларын – мысалы, шаруашылық бағытын, өндіргіш күштердің даму деңгейін, халықтың этногенезіне қатысты мәселелерді – анықтауға болады [Қарақашлы, 1964:232].

Тағамдар мен ішімдіктер тек қана қоректік қажеттілікті қанағаттандырмайды. Халық олардың дайындалуында, зерттеушілер атап өткендей, өз шеберлігі мен қабілетін, ұзақ жылдар бойы жинақтаған тәжірибесін көрсетеді, мерекелерде, салтанатты рәсімдер мен халықтық думандарда дастарханды әртүрлі тағаммен безендіреді, дәмді әрі хош иісті сусындар дайындайды [Вәлиев, 2005:10].

Тағамдар мен сусындар халықтың ұлттық мәдениетінің өзіндік ерекшеліктерін, сондай-ақ ұқсас табиғи-шаруашылық жағдайларда өмір сүретін басқа этностардың мәдениетімен ортақ, жақын және өзгеше белгілерін, тарихи тағдырлардың ұқсастығын, этникалық туыстықты, мәдени байланыс пен өзара ықпалдасу формала-

рын зерттеуде құнды материал болып табылады [Этнография қарақалпақтар, 1980:112; Вәлиев, Әфәндиєв, 2006:68–69].

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында дала этнографиялық материалдары мен әдеби деректер пайдаланылды. Мұнда этнографиялық зерттеулерде кең таралған өзара ықпал мен салыстырмалы талдау, бақылау, сипаттама әдістері, сондай-ақ халықтың тағамдары мен ішімдіктерінде орын алған өзгерістер – кейбір тағамдардың біртіндеп жойылып, жаңаларының ас үйге енуі уақыт шеңберінде қадағаланып, зерттелді. Қарабақ халқының тарихи дәстүрлер негізінде қалыптасқан, байытылған ас мәдениетінің барлық қырларына назар аударылып, ұлттық тағамдар мен ішімдіктердің дайындалуы мен қолданылу тәртібі жүйеленді.

Талқылау мен нәтижелер

Қарабақ халқы арасында тағамдар өсімдік, ет, сүт негізінде, сондай-ақ күнделікті, салтанатты (құда түсу, үйлену тойы, отбасылық мереке-лер) және мерекелік (Наурыз, Құрбан, Ораза) тағамдар болып үш топқа бөлінін.

Өсімдік текті тағамдар ішінде бірінші орынды нан иеленген. Нандар пішіні мен дайындалу тәсіліне қарай әртүрлі болады, ал құрамдық компоненттеріне қарай бидай, арпа, тары, жүгері ұны, күріш және басқа атаулармен топастырылған. Қарабақта негізінен юха, бөтір және хамралы нандары пісірілетін. Әзербайжанның басқа өңірлеріндегідей, мұнда да нан қамыры ашытқылы (ашытылған) және ашытқысыз (ашытылмаған) түрінде дайындалған. Ашытқылыға бидай ұнынан жасалатын хамралы және басқа қалың нандар, ал ашытқысызға бөтір мен юха жататын.

Ақпарат берушілер мен этнографиялық әдебиеттердің мәліметтеріне сүйенсек, Қарабақ-

та, сондай-ақ Әзербайжанның Гәнжә, Қазах, Нахчыван өңірлерінде халық ашытқыны өздері – ашыған айран, қатық, алхоры және өрік кептірмесі арқылы дайындайтын. Мұндай жолмен дайындалған ашытқыны Қарабақта «балаты» деп атайтын [Мустафаев, 2010:183].

Қарт әйелдер айтқандай, ашытқыны әр қамыр илеген сайын дайындай бермейтін. Себебі нан пісіру үшін бұрынғы ашытылған қамырдан бір бөлік алып, оны қақпағы бар ыдысқа салып қоятын. Қамыр сол жерде ашып, қышқылданып тұратын. Қашан нан пісіру қажет болса, сол ашыған қамыр (ашытқы) суда ерітіліп, еленген ұнға қосылатын.

Нандар әрі табада (сашта), әрі тандырда пісірілетін. Таба көшпелі өмір салтын ұстанған халыққа, ал тандыр отырықшы халыққа тән болатын. Екі нан пісіру құралының да ежелгі тарихы бар. Алдыңғы және Орта Азияда кең таралған тандырдың [Қарақашлы, 1964:106] Оңтүстік Кавказда таралуы Энеолит дәуіріне жатады. Академик Теймур Бюнядов жазғандай, белгілі грузин ғалымы, профессор Г.С.Читая тандырды Оңтүстік Кавказ және Алдыңғы Азия халықтарының өнертабысы деп атаған [Бюнядов, 1964:55].

Табада пісірілетін нан түрлерінің бірі – «Юха» (жұқа нан) болатын. Кейде юханы пісіргенде «үстіңгі-астыңғы қабат» әдісі қолданылатын. Яғни, жұқа жайылған юханың біреуін табаға тастап, аздап пісірілген соң оны аударып, үстіне тағы бір қабат юха салып отыратын. Осылайша бірінің үстіне бірі 8–10 қабат юха пісірілетін. Мұндай әдіспен дайындалған юхалар «қабатты юха» деп аталатын. Олар әрі жұмсақ, дәмді, әрі сапалы болатын. Сонымен қатар, юха диірменде тартылған ұнмен дайындалатын, себебі мұндай ұннан жасалған нан «жеңіл» болып, асқазанды ауыртпайтын. Юханың соңғы бөлігінен кейін табаның үсті майланып, бір фәсәли (майлы қатпарлы нан) салынып, бұл нан пісіру процесінің аяқталғанын білдіретін.

Фәтир Әзербайжанның барлық өңірінде бірдей әдіспен дайындалатын. Бұл ашытқысыз нан түрінің пісірілуін кезінде Әзербайжанда өзі көрген XIX ғасырдағы француз жазушысы әрі саяхатшысы А. Дюма да сипаттаған. Ол жазған: «Жаңа иленген қамырдан бөліктер кесіп, оны аяқты (нан жайғыш құрал) үстіне жайып, сосын шөкпен қыздырылған табаға салатын... Алдымен бір жағын пісіріп, кейін екінші жағына

аударатын. Оны ыстық күйінде жейтін» [Дюма, 1985:40].

Алуан деректерге сүйенсек, Қарабақ халқы диірменде бидай тартқанда сол жерде-ақ тартылған ұннан фәтир пісіретін. Диірменде пісірілген фәтир тәттілеу болады деп есептелетін. Әдеби деректерде: «Мұхаммед пайғамбар алғаш рет диірмен фәтирін жегенде, қолын көкке жайып, Жаратқаннан бұл тағамды дәмді әрі тәтті етуін сұраған. Сол уақыттан бері фәтир тәтті саналады» [Вәлиев, 1968:13].

Зерттеліп отырған аймақ халқы арасында ең көп қолданылатын нан түрлерінің бірі «жаңғақты фәтир» болған. Бұл нан түрін жасау үшін алдымен жаңғақ шағылып, дәні алынатын, сосын жақсылап ұнтақталатын. Қамыр иленіп, оған ұсақталған жаңғақ араластырылады, кейін қамыр бөліктерге бөлінеді. Сосын бұл бөліктер (күнделер) оқтаумен бірнеше рет (жаңғақ қамыр ішінде еріп кеткенше) жайылады. Қамыр қажетті формаға келген соң, ортасынан саусақпен тесік ашылып, табада пісірілетін. Жаңғақ араласқан фәтир майлы болғандықтан, адамды күні бойы тоқ ұстайтын, басқа тамақ қажет етпейтін.

Табада пісірілетін нандардың тағы бірі – «Хамралы» болатын. Хамралы наны шамамен 3 см қалыңдықта, дөңгелек-овал пішінде жайылатын. С. Мәһәrrəмованың жазуына қарағанда, Қарабақ халқы арасында хамралыны «жүрек басытын», яғни адамды тойдыратын нан деп атайтын [Мәһәrrəмова, 2020:98]. Құбадлының Ханлық ауылының тұрғыны Мүрвет Тахировтың айтуынша, халық арасында хамралы «қол наны» деп те танымал болған.

Айтылғандай, соғыс жылдарында (1941–1945) және одан бұрын тары мен жүгеріден жасалған ашытқысыз «жүгері наны» да пісірілген. Бұл нан түрін көбінесе кедей отбасылар пайдаланған. Мұндай нан ыстық күйінде тәтті болатын, өйткені ол суыған соң қатты болып қалатын.

Жалпы, этнографиялық материалдар табада әртүрлі тәтті және басқа нан түрлерінің пісірілгенін көрсетіп, еске түсіреді. Бұл жерде тағы бір мәселеге де тоқталғымыз келеді. Зерттеушілердің юха (жұқа нан) туралы тек қана салтанатты тағам ретінде сөз қозғауы шындыққа жанаспайды. Юха көпбалалы отбасыларда қарапайым күндері де пісірілетін. Яғни күнде тамақ дайындауға мүмкіндігі жоқ, қаржылық қиындық көрген отбасыларда балаларының аштығын басу үшін юхадан дүмбе (орама) жасап беретін.

Бұл дүмбе олар үшін әрі нан, әрі тамақ орнына жүретін. Сонымен қатар, салтанатты юха мен күнделікті пісірілген юханың айырмашылығы – қамырының сүт пен маймен емес, қарапайым сумен немесе ірімшік суымен иленуінде еді. Жалпы алғанда, Қарабақтың көптеген ауылдарында нан қамыры ірімшік суымен иленетін. Айтуларына, нан пісірілетін күні ірімшік те сығылатын, себебі оның сарысуымен қамыр иленетін. Бұл әдіс нанды жұмсақ қылып сақтауға мүмкіндік беретін. Сондай-ақ, халық табада юха немесе фәтир пісіргенде, қамырдың арасына жұмыртқа қойып, шоқтың ішінде пісіретін. Жұмыртқа қабығы жарылып кетпес үшін қамырға оралатын. Әсіресе юха мен фәтирді пісіру ұзақ уақыт алатындықтан, аналар балаларына арнайы тамақ дайындауға үлгермегенде осы әдісті қолданатын. Бұл, әсіресе, Жебраил (Сəbrayıl) халқы үшін тән болған, және оны «Шоқтағы жұмыртқа» деп атайтын.

Табада пісірілетін нан секілді, Қарабақта пісірілетін тандыр нандарының да өзіндік иісі мен дәмі болатын. Бұл туралы Қарабақ этнографиясын жақсы білген халық жазушысы Әли Вәлиевтің шығармаларынан да білуге болады. Мысалы, жазушының бір шығармасындағы эпизодтан үзінді келтірейік: «Түскі дастархан дайындалып, безендірілген еді... Шыны вазада тұрған туралған тандыр наны кеше Вәли бектің диірменінде тартылған арнайы сары бидай ұнынан еді. Наншы Қызқайыт жұмыртқа мен көкнәрды араластырмағандықтан, нан соншалықты қызыл әрі толық піскен еді, оны көргендер тек нанмен тамақтанғысы келетін» [Әмәнова, 2020:68].

Жоғарыдағы эпизодтан байқағанымыздай, қамыр илеу және нан пісірумен әйелдер айналысқан. Бұл дәстүр бүгінге дейін сақталған. Зерттеушілер Кавказда, Алдыңғы және Орта Азияда кең таралған тандырдың Әзербайжанда үш түрі (ұрылма, балонды және кірпіштен) бар екенін жазған [Мустафаев, 1977:103]. Сонымен қатар, бұл тандырлар пісірілетін нан мөлшеріне қарай ерекшеленген: мысалы, 12, 15 немесе 18 нандық. Тандырдың көлемі көбінесе отбасы мүшелерінің санына байланысты болған. Құбадлы халқы арасында тандырда пісірілетін басқа нан түрлері – «дәстәнә» және «күтүк» болған. Айтуларына, дәстәнә пішіні мен қалыңдығына қарай қазіргі зауыт нанын еске салатын. Ал күтүк наны жүгері ұнынан иленетін. Бұл нан тандыр қабырғасынан сырғып түсіп, шоқтың үстінде пісетін. Сондықтан оны «тандырдан құлаған»,

яғни «күтүк» деп атайтын. Құлаған осындай нанның ыстық қабығын балалар өте жақсы көретін. Кейде тандырға жабыспауы үшін нанның артына айран жағып қоятын.

Әзербайжанның басқа өңірлеріндегі сияқты, Қарабақта да жаңа піскен тандыр нанына сары май мен ірімшік қосып жеу немесе «майлы дөңменжі» дайындау дәстүрге айналған. Дөңменжі дайындау үшін тандырдан шыққан ыстық нанды қолмен үзіп, үстіне сары май қосып езетін. Кейде тандырдан құлаған ыстық нанға сары май қосып, үстіне уатылған ірімшік сеуіп жейтін. Сонымен қатар, бұл халық фәтир мен юханы тұзды ірімшікке немесе майға орап дүмбе етіп те жейтін.

Қарабақтың ақ жаулықты әжелерінің айтуынша, тандырда да, табада да пісірілетін нандардың бірі – лаваш болатын. Лаваш, негізінен, қысы қатты өтетін жерлерде қысқа азық ретінде бірнеше әйелдің еңбегімен дайындалатын. Ұзақ уақыт сақтауға арналған бұл нан түрі салқын жерде сақталатын. Бұл лаваш түрі Құбадлы, Зәңгилан, Жебраил, Физули және Агдам өңірлерінде жиі қолданылған.

Алған мәліметтерімізге сүйенсек, Физулидің кейбір ауылдарында (мысалы, Бала Бәхменли, Әхмәдбәйли және т.б.) жалпы алғанда лаваш пісірілмеген. Бірқатар ауыл халқы лаваш пісіруді 1918 жылы Зәңгезур мен Иреваннан (Ереван) Физулиге көшіп келген әзербайжан отбасыларынан үйренген. Зерттеу барысында анықталғандай, бұл өңір тұрғындарының дастарханында бидай ұнынан дайындалатын түрлі майлы нан түрлері де кездескен. Кең тараған осындай нан түрлерінің бірі – фәсәли (қаттама нан) болған. Қарт кісілердің айтуынша, Қарабақ фәсәлиі Әзербайжанның басқа аймақтарындағы фәсәлиден жұқалығымен және сыртқы келбетімен ерекшеленген.

Қарабақ тұрғындарының дайындайтын көк кәтесінің де ерекше дәмі болған. Жабайы жеуге жарамды өсімдіктерден – мысалы, қымыздық, шомыр, көкнәр жапырағы, әвәлек, күскүйрық, жусапат, уннуджа және т.б. – жасалған көк кәтесі табада (сашта) пісірілетін. Бұл тағам түрі бүгінде де қолданылып келеді.

Зерттелген өңірлерде ұннан жасалатын кондитерлік өнімдер де пісірілетін. Халық дастарханында ерекше орын алатын тәттілердің бірі – «Қарабақ кәтесі» болған. Бұл кәтені дайындау үшін алдымен қамыр иленіп, ашытылады, сосын ішіне салынатын қоспа-қант

ұнтағы, май және ұн араластырылып, ұсақ үгілмелі масса (умас) жасалатын. Бұл үгілмелі қоспа дымқыл болмауы, түйіршіктелмеуі және қолға жабыспауы тиіс еді. Шекербура, пахлава, шекер нан, бадамбура, халва, тархалва, шоргоғал және т.б. кондитерлік өнімдер де халық дастарханын көркейткен. Аталған тәттілердің әзірленуі Қарабақ халқының жоғары аспаздық мәдениетке ие екенін дәлелдейді. Сонымен қатар, халықтың тағам рационында “сүтті нан”, “сүтті халва” және “әйірдек” сияқты тәттілер де пайдаланылған. Мысал үшін, бүгінде ұмыт бола бастаған әйірдек жайлы мәлімет беру қажеттілігі туындап отыр. Бұл тәттіні дайындау үшін ұнға сүт, түз және қант ұнтағы қосылып қамыр иленеді. Сосын қамыр домалақталып, ұзынша етіп домалатылады және майда бөліктерге кесіледі. Одан кейін әр бөліктің үстіне саусақпен сызық түсіріп, қайнап тұрған майда қуырылады. Қуырып болған соң жайып, суытады. Әйірдек ұзақ уақыт өтсе де өз сапасын жоғалтпайды. Ақсақалдардың айтуынша, дәл осы қасиетіне байланысты әйірдекті көбіне ұзақ сапарға шыққандар үшін дайындайтын.

Айта кетейік, Қарабақ халқы нан ұнын алу үшін дөңді-дақылдарды қол диірменінде, су диірменінде және от (моторлы) диірменінде тартатын. Мәлімет берушінің айтуынша, Физули ауданының Хорадиз ауылында “Намазалы кәрізі” маңындағы “Жол” деген жерде XX ғасырдың 40-50 жылдары Нәриман Мәтмәдовтың (Бағировтың) қаржылай қолдауымен от диірмені орнатылған. Бұл диірменнің моторы Ресейден әкелінген. Диірменнің тұрақты жұмыс істеуі үшін Мехдили руынан Әлиш Мехдиев, Юнис Әміров және Әбдүррәхим Ибишов үлкен көмек көрсеткен. 1960 жылға дейін бұл диірмен тек Хорадиз халқын емес, айналадағы ауылдарды да қамтамасыз еткен. Диірмен ретінде қызметін аяқтағанымен, оның қуатты моторы ұзақ жылдар бойы Хорадиз ауылын электр қуатымен қамтамасыз еткен. Қарттар бұл от диірмені мен оның иесі Нәриман мұғалімді бүгінге дейін еске алады. Физули ауданының Яғлывенд ауылында 1938 жылдан бастап су диірмені жұмыс істейді. Қазіргі кезде бұл диірменді Әлиев Сейран басқарады.

Өсімдік текті тағамдардың ішінде қамыр тағамдарының өз орны бар. Зерттелген өңірлерде күз және қыс айларында халық жиі тұтынатын тағамдар мыналар болған: Хингал, хәшил, жармалы хәшил, хорра, умашты хорра, сулы әриште, қара умаш, бұғлама, хәмән-күмәнжи және т.б.

Хингал. Халықтың тамақ рационында маңызды орын алатын тағамдардың ішінде жайма, жапырақ немесе кесме хингал ерекше орын алады. Жапырақ хингалін дайындау үшін оқтаумен жайылған жұқа қамыр төртбұрышты етіп кесіліп, түз қосылған қайнаған суға салынады. Біршама уақыттан кейін суы сүзіліп, пісірілген қамырлар төрелкелерге салынып, үстіне майға қуырылған пияз және күрт, ал күрт болмаған жағдайда сарымсақты айран құйылып желінеді.

Хәшил. Алынған мәліметке қарағанда, хәшил дайындау үшін суға қажетті мөлшерде ұн қосылып, ол отқа қойылады. Қоспа қоюланғанша оқтаумен үздіксіз араластырылады. Содан кейін оттан алынып, төрелкелерге салынып, үстіне ерітілген сары май мен бөкмез (жүзімнен алынатын қою тәтті шәрбәт) қосылады. Хәшил көбінесе күз және қыс айларында бидай ұнынан пісірілетін болған.

Жармалы хәшил алдымен бидай жармасы суда жеткілікті мөлшерде қайнатылады, содан кейін ол ұнмен араластырылады. Осы қоспа отқа қойылып, дайын болғанда оттан алынып, хәшил секілді төрелкелерге салынып, үстіне сары май мен бөкмез құйылып желінеді. Жармалы хәшил сәл сұйықтау етіп әзірленетін.

Ұмалы хорра (умачлы хорра) былай дайындалады: қажетті мөлшерде ұнға су себіліп, ол уқаланып, електен өткізіледі. Сосын ұмаланған ұн (ұмач) дастарханға жайылып, кептіріледі. Кейіннен бұл ұмач сүтке немесе суға салынып, оған түз бен қант ұнтағы қосылып қайнатылады. Суық күндерге өте лайықты бұл тағам пісірілгеннен кейін төрелкелерге салынып желінеді.

Қарабақ халқының күз-қыс маусымында қолданған тағамдарының бірі – Сулы әриште (сулы кеспе) болған. Оны пісіру үшін алдымен су қайнатылады, оған түз, бұрыш, кішкентай қазанда алдын ала пісірілген маш бұршағы, алша тұздығы, кейін жұкалап кесілген әриште қосылады. Барлығы дайын болған соң қуырылған пияз және ұнтақталған жалбыз қосылады. Бұл тағам түрі тұмау мен суық тию ауруларын емдеуде пайдалы саналған.

Қарабақтықтардың қысқы маусымда тұтынған өсімдік негізіндегі тағамдарының бірі – Қара ұмач болған. Бұл тағам түрі Грузиядағы әзербайжан түріктері арасында “әвәликли ыстық” деген атпен танымал болған [Әліуев, 2019:132]. Әвәлик – негізінен таулы және тауға жақын аймақтарда өсетін жабайы жеуге жарамды өсімдік. Оны теріп, жіпке тізіп кептіретін. Суық мау-

сымда әвәликті суға салып жібітіп, ащы суын төгетін. Содан соң қайнаған суға салып қайна-тып, оған мүкжидек (зоғал) құрмасы және ұмач қосылатын. Соңында бұл қоспаға қыздырылған пияз майы, тұз және бұрыш қосылатын. Кеуде-ні жұмсарту, жөтелді басу үшін әвәликті майға қуырып жейтін. Ал ішек ауруларына қарсы оны сиыр сүтімен шай сияқты демдеп, ашқарынға екі стакан ішетін. Бұл жөнінде халық медицинасына арналған әдебиеттерде де айтылған [Әфендиев, Рәжәбов, 1992:114].

Халық қолданған өсімдік текті тағамдардың бірі – «Бұғлама» болған. Бұл тағам кейбір аймақ-тарда “Балва” деп аталған. Бұғлама дайындау үшін алдымен май мен пияз қуырылады, үсті-не майдалап туралған “хәмән-күмәнжи” (жаба-йы көкөніс), аздаған су қосылады. Сондай-ақ, аз мөлшерде дөңгелек күріш, алша немесе қара өрік құрмасы, тұз, бұрыш қосылып, қазанның қақпағы мықтап жабылып, баяу отта қайнаты-лады. Біраз уақыттан кейін тағам дайын болады. Ақпарат берушілердің айтуынша, бұл өсімдікті басқаша да дайындайтын: Алдымен “хәмән-кү-мәнжи” жиналып, жуылып, бүтін күйінде қай-наған суға салынады. Ол толық піскеннен кейін сүзіліп, тәрелкелерге салынады, үстіне сарым-сақты айран қосылып желінеді. Бұл тағам “хә-мән-күмәнжи суытпасы” деп аталған және халық арасында көбірек қолданылған. Әзербайжанның барлық өңірлерінде болғаны сияқты, Қарабақ халқы арасында да өсімдік өнімдерінен дайын-далатын күріш тағамдары кеңінен таралған. Бұл тағамдардың ішінде басты орынды – палау (аш) иеленеді. Зерттеушілердің материалдарына сү-йене отырып айтқанда, Әзербайжанда палаудың 50-ден астам түрі болған [Вәлиев, 2005:29].

Палау – әзербайжан асханасының патшасы саналады және Қарабақ өңірінде бұл тағамның әртүрлі ерекше түрлері дайындалған. Мұнда кө-бінесе қаралы, кеспелі, бұршақты, балапан еті қосылған, тартылған етпен, төс салынған, қырқ-буынды, бұраналы, көк салынған және сүтті па-лаулар әзірленетін. Кейбір палау түрлерінің да-йындалу жолын қысқаша сипаттап өтейік:

Қаралы палау. Ұзын күріш қайнатып сүзіл-ген соң, үстіне ерітілген сары май мен шафран қосылып, жай отта демделуге қойылады. «Қа-расы» – қуырылған пияз, пісірілген ет, каштан, өрік, алхоры құрмасы, мейіз, тұз және бұрыштан тұратын қоспа ретінде үстіне беріледі.

Кеспелі палау (чілов палауы). Алдымен қа-мыр иленіп, жұқа жайылады, содан кейін жіңіш-

ке кесіліп кептіріледі – бұл «кеспе» деп аталады. Күріш тұз қосылған суда қайнатылады да, үстіне кеспе қосылады. Піскен соң, суы сүзіліп, қазан-дағы түбіне тілімделген картоп төселіп, үстіне кеспелі күріш қойылады. Соңында үстінен ері-ген сары май құйылып, демделуге қойылады.

Бұршақты палау. Маш бұршақ алдын ала кішкене ыдыста қайнатылып дайындалады. Кү-ріш мыстан жасалған қазанда жартылай пісіріл-генше қайнатылады. Қайнату аяқталуға жақын-дағанда бұршақтың суы ағызылады да, күрішке қосылады. Бұл қоспа тағы бірнеше минут қай-натылады, содан кейін оттан алынып, сүзіліп, үстіне ерітілген май құйылып демделеді [Әлиев, 2019:129]. Бұл палау түрі, әсіресе, Агдам өңірі-нің халқы арасында танымал болған.

Балапан етінен палау. Балапан еті бөліктер-ге бөлініп, тұздалған соң қазанның түбіне салы-нады. Күріш тұзды суда пісіріліп, еттің үстіне қойылады. Соңында ерітілген сары май және куркума қосылып, қазанның қақпағы жабылып, жай отта демделеді. Шамамен жарты немесе бір сағаттан кейін тағам дайын болады. Айта кетер-лік бір жайт – мерекелік тағамдар, әсіресе палау-лар сүзілгенде, күріш дәндерінің тұтас күйінде қалуы үшін қамыс немесе ағаш бұтақтарынан жасалған арнайы сүзгі – чәтән қолданылатын. Чәтән сондай-ақ үйде жеміс кептіруге, ірімшік суын сүзуге де пайдаланылған.

Шуша халқы арасында ұмытылып бара жат-қан палаулардың бірі – «Шештрәнді аш» және «Жаныначекме» аш болған. Бұл тағамдарда кү-ріш қайнатып сүзілген соң үстіне сары май қо-сылып демделеді. Қуырылған пиязға кант қо-сылған мейіз, зоғал еzbесі қосылып, ортасына жұмыртқа сындырылады. Үстіне тұз, бұрыш және даршын себіліп, жеке түрде ұсынылады.

«Жаныначекме» палауы үшін 0,5 кг қой еті мен бір стакан ноқат бірге қайнатылады. Олар пісірілген соң, ішіне 1,5 стакан дөңгелек күріш қосылып, суы тартылғанша қайнатылады. Со-ңына қарай жазда зоғал, қыста зоғал ezbесі қосы-лады. Ақпарат ретінде айта кету керек, палаулар тек осылармен шектелмейді – өңір халқы «Бора-ны палауы», «Қышқыл палау», «Аскөк палауы», «Төс палауы» сынды өзге де көптеген күріш та-ғамдарын әзірлеген.

Шушаның ұмытылып бара жатқан басқа да дәмді тағамдары – «Қалия» және «Қырто». Қа-лияны дайындау үшін 0,5 кг қозы еті майында қуырылады, үстіне 0,5 кг піскен каштан, 200 г қара өрік және 2 дана туралған айва қосыла-

ды. Одан кейін оған зафран (шафран), даршын, тұз, бұрыш қосылады. Ал «Қырто» тағамын дайындау үшін ұсақтап туралған пиязды майда қуырып, үстіне жалбыз қосатын. Ішіне сүзілген айран, қаймақ, жұмыртқа және тұз қосып араластыратын. Қуырылған жалбызды пиязға бір шымшым зафран қосып, алдын ала дайындалған айран қоспасына араластырып, 10 минут баяу отта пісіретін. Бұл тағамды соус ретінде де дастарханға қоятын. Айта кету керек, Шуша тағамдарын басқа өңірлердің тағамдарынан ерекшелендіріп тұратын тұстары бар. Шуша тағамдарына ерекше дәм беретін кейбір дәмдеуіштер мен көкөністер басқа аймақтарда кездеспейді. Бақылауымызға және қариялардың айтуына қарағанда, бұрынғыдай болмаса да, қазіргі таңда да Қарабақ отбасыларында қонақтарға ең жиі дайындалатын тағамдар – «балапан қуыруы» және «балапан шығыртмасы». Күрішті пісіру, сүзу, бұқтыру тәсілі бірдей болғанымен, оған қосылатын компоненттер палау атауы мен дәмінде өзгешелік тудыратын. Жалпы, палау тағамдары көбінесе мейрам күндері, қонақ келгенде, кейде туған күндерде пісірілетін. Өсімдік тектес тағамдардың бірі – «Чекме (хопмача)» еді. Бұл тағамды дайындау үшін бір бас пиязды турап, майда қуырып, үстіне төрт стакан су, екі стакан жуылған күріш, тұз және сарыкөк қосып, қазанның қақпағын мықтап жауып, баяу отта бұқтыратын. Күріш суды өзіне сіңіргенде тағам дайын болатын. Сондықтан бұл тағам «чекме» (яғни, суды сіңіру), «хопма» (яғни, судың күрішке сіңуі) деп аталған.

Халық арасында жеуге болатын жабайы өсімдіктерден, көкөністерден, бау-бақша өнімдерінен де кеңінен пайдаланылған. Ауылдардан алынған мәліметке қарағанда, ең сүйікті тағамдардың бірі – «Жасыл кәтәсі» болған. Жасыл кәтәсін дайындау кезінде қышқыл шөп, қойкұлақ, қалақай, қырықбуын, лала терісі, тау ақжелкені, уннуджа, тағы басқа жеуге болатын жабайы өсімдіктер пайдаланылатын. Аталған көкөністерді пиязбен майда қуырып, сарымсақты айранмен жейтін. Лачын тұрғындарының «Хынджыловуз шөбінен» дайындайтын тағамы да осыған ұқсас еді. 72 жастағы бір ақпарат беруші былай дейді: бұл көкөністерді біз өзіміз екен жоқпыз, Арыш жері өзі өсіретін. Сондықтан біздің дайындаған кәтәміздің дәмі, сапасы басқа өңірлердің кәтәсінен өзгеше еді. Сондай-ақ, Арыш топырағында өсетін табиғи өсімдіктер барлық ауруға ем болатын. Осы себептен, Арыш

халқында бүйрек пен бауыр аурулары мүлдем болмаған.

Жеуге жарамды жабайы өсімдіктердің бірі – көкшөптен (кәкотынан) «Кәләжош» деп аталатын тағам дайындалғаны жөнінде де мәлімет алдық. Кәләжошты дайындау үшін бір пиязды ұсақтап турап, майда қуырып, үстіне тұз, ұнтақталған кәкоты жапырақтары, белгілі мөлшерде күріш және су қосатын. Күріш піскенге дейін бір ыдыста айраннан айра жасалатын. Күріш дайын болғанда, айранды жайлап күріштің үстіне құйып, араластыратын. Қазан қайнаған сәтте оттан алынып, дайын тағам ретінде ұсынылатын. Айта кету керек, кәләжош әсіресе Керімбейлі ауылы тұрғындарының сүйікті тағамдарының бірі болған.

